

19 сәуір,
Сейсенбі,
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

ОЙЫЛ

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

ЕНДІГІ МІНДЕТ -ШАБЫНДЫҚТЫ ҚОРУ



Өткен жексенбі күні ауданға облыс өкімінің орынбасары Ж.Иманқұлов арнайы жұмыс сапарымен келіп, Саралжын, Ш.Берсиев, Көптоғай, Сарбие ауылдық округтерінде болды. Аталмыш ауылдардағы лиманды

алқаптарды суландыру жүйесін көрді. Қиыл-Тассай, Тамдықөл бас су реттегіш және Жекендісай арқылы лиманды алқаптарға шыққан мол су ауыл тұрғындары мен шаруа қожалықтарына мал азығын

дайындауға үлкен мүмкіндік береді. Сондықтан, алдағы мақсат осы лиманды алқаптарды қорып, мол мал азығын жинап алуды ұйымдастыру туралы жергілікті атқарушы органның алдына міндеттер қойды.

ТАСҚЫН СУДЫҢ ЗАЛАЛЫ МЕН АЛДАҒЫ ЖҰМЫСТЫҢ АМАЛЫ



Өткен аптада ауданға облыстық мәслихаттың депутаты, жерлесіміз Талғат Салфиқов бастаған арнайы топ келді. Топ құрамында қоғамдық кеңес мүшелері мен облыстық мәслихаттың депутаты Жұлдыз Қожабекова және облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Айбек Қайыр болды.

Алдымен Ш.Берсиев атындағы ауылдық округіне ат басын тіреген олар ауыл тұрғындарымен кездесті. Көктемгі су тасқыны салдарынан жарақсыз болған жол учаскесінің жай-күйін қарап, алдағы уақытта қалпына келтіру жұмыстары бойынша атқарылатын шараларды талқылады. Ш.Берсиев атындағы ауылдық округінен кейін депутаттар мен

қоғамдық Кеңес мүшелері болып аудан орталығына келді. Мұнда аудандық аурухананың жұмысымен танысты. Өрі қарай жұмыс сапары Көптоғай ауылдық округінде жалғасып, жаңа өкімдік ғимаратын салу, ауылдық клубқа күрделі жөндеу өткізу және Құрман дәргерлік амбулаториясы құрылысын бастау бойынша жұмыстарды талқылады.

КЕҢЕСТІҢ ӨЗІ КӨП КӨМЕК



Жуырда Ойыл ауданына іссапармен Ақтөбе облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және өлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Асланбек Шүйіншалиев пен Ақтөбе облыстық мүгедектер қоғамының төрағасы

Алмаз Жантаниқов келді. Алдымен аудандық жұмыспен қамту орталығына барып, атқарылып жатқан жұмыс барысымен танысты. Одан кейін ауданымызда өткен жылы мемлекеттен қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін дөңгелетіп отырған

Г.АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл селосы.

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ!



Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес өткен жумада аудан өкімі Асқар Қазыбаев Саралжын ауылдық округіне қарасты мекендерінде және округ орталығы Кемер ауылында тұрғындармен кездесті. Айта кетсек, өр тоқсан сайын халықпен кездесу өткізудің басты мақсаты тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, көтерілген мәселе бойынша жұмыстану. Сондықтан кездесу жиындарында аудан өкімі атқарылған жұмыстардан бұрын атқарылу тиіс ауқымды жобалар бойынша тоқталды.

Саралжын ауылдық округі бойынша мал күтімін ұйымдастыру жұмыстарында салғырттық бар. Бұл үрдіс округ орталығында ғана жүзеге асқанымен елді мекен тұрғындары енжарлық танытып отыр. Өрі қарай жалғасақ Бестамаққа ұялы байланыс қажет. Сондай-ақ, Қобда-Ойыл трассасына жалғайтын 1 шақырымға толмайтын жолға жөндеу жүргізіп беруді сұрайды. Бұл мәселе

ақкемерліктерді де толғандырып отыр. Қобда-Ойыл трассасына дейінгі 12 шақырымдай көтеріме жолдың көктем, қыс айларында сын көтермейтін алға тартып, жөндеу жұмыстары қажет екенін айтты. Ал, Қоңырат елді мекені тұрғындарының тілегі ауыз су мен жолды қырып-тегістету.

Саралжында ауыл тұрғындарының айтары көп болды. Аталған округтегі қазіргі өзекті мәселенің бірі - Шикүдық елді мекенінде қатынас жоқ. Су тасығаннан кейін ауыл тұрғындары округ орталығына бару үшін судан қайықпен өтеді. Себебі бұрын «Шықпа жаным, шықпамен» пайдаланып келген қолдан салынған ескі көпірді де су шайып кеткен. Сондықтан шикүдықтар бұл мәселеге бей-жай қарамай, қатынасты реттеп беруді сұрады. Лек-легімен қойылған сауалдар ескеріліп, толыққанды жауап берілді. Қордаланып қалған мәселелердің көбісі жерге байланысты болды. Бұл мәселе бойынша Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы Мәулен Төремұратов жан-жақты

түсінік беріп, жер берудің заңдылықтары мен алған жерді пайдаланудың ережелерін егжей-тегжейлі түсіндірді. Өйтсе де ауылдың тыныс-тіршілігі мен тұрғындардың тұрмысын көзбен көріп, ұсыныс-пікірін тыңдауға барған жергілікті билік өкілдерін сын астына алып, жасалған жұмысты жоққа шығарған жастардың еректері сырт көзге өбестеу көрінді. Мәдениеттілікті айтпағанның өзінде сананың таяздығы таразы басын дауға іліктірді. Осы тұста батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «Сын айту үшін шын айт, Шын айтпай сын айтпа», - деген даналығы тоқтау болар ма дерсің. Ауыл тұрғыны, еңбек ардагері Жақсылық Бисалиев өр сөзін нық, ойын жинақы, салмақты сөздерімен елге аянбай қызмет қылуға шақырды.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Бестамақ-Ақкемер-Саралжын-Қоңырат-Ойыл.

САРБИЕ САРЫПТАН ТАЗА. МӘСЕЛЕ - МАЛ КҮТІМІ



Өткен аптада аудан өкімі Асқар Қазыбаев Сарбие ауылдық округінің екі ауылына арнайы барып ауыл тұрғындарымен кездесті. Тұрғындармен кездесу жиынына аудан прокуроры Нұрлыбек Жолаев пен бірқатар мекеме басшылары қатынасты. Алдымен оның үстінде түгіні бар Қаракөл ат басын бұрған топ ауылдың тұрмыс-тіршілігіне көз жүгіртті. Қаракөл малын бағып отырған шаруалардың шағын ауылы болса да, көшеде бір малдың тезегі немесе көлденең жатқан шөпте көрмейсің. Тап-таза ауылдың тұрғындары мектептің жылыту жүйесін жөндеп беруді сұрайды. Ал, Сарбиеде мәселе мал күтімі

болып тұр. Одан өзектісі жолдың жыры. Округ пен ауданды жалғайтын күре жолды көрген жанның төбе шашы тік тұрады. Оны қырып-тегістеуге техника табылар емес. Өрі қарай жалғасақ, сарбиеліктер мемлекеттік бағдарламалар арқылы берілетін жеңілдетілген несиенің игілігін көріп келеді. Ауыл шаруашылық техникаларын алуда да белсенді. Осы орайда аудан өкімі ауыл тұрғындарының шағын және орта кәсіппен айналысуға шақырды. Сондай-ақ қысқы мал азығын дайындауға осы бастан қамданып, лиманды алқаптарды малдан қорып мал азығын молынан дайындап алуға ұсыныс айтты. Малды кезекпен

немесе күтуден бағып, жерді тоздырмау керектігін жеткізді. Оған қоса сарыптан таза ауылды ветеринариялық шараларды сақтап, сырттан мал өкелмеуге шақырды. Кездесуде тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, туындаған сұрақтар мен өзекті мәселелер бойынша аудан өкімі Асқар Қазыбаев мекеме басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ өлеуметтік нысандарды аралап, жиын соңында тұрғындарды жеке сауалдары бойынша қабылдау өткізді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл-Қаракөл-Сарбие-Ойыл.

